

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

№8 «Көжек» ортаңғы тобы

Ата-анамен жұмыс

Тәрбиешілер: Кожағалиева Ш.Ө
Асан А.А

2023-2024 оқу жылы



«Бекітемін»

«Нәзерсе» бөбекжай-

балабақшасы

Менгеруші: Уртамбаева А.Г.

2023 жыл

Ата-аналармен жұмыс жоспары

Мерзімі	Жұмыс мазмұны	Жауаптылар
Қыркүйек	Ата-аналар жиналысы 1. «Кел танысайық!» 2. 2-3 жастағы балалардың даму ерекшелігі. 3. Ата-аналар коммитетін сайлау 4. «Жаксы тілек» тренинг.	Тәрбиеші: Кожажалиева Ш.Ө Тәрбиеші: Шаптарбаева Г.Б
Қазан	1. Ата-аналарға арналған сауалнама «Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау» (тест) 2. «Гүлдене бер, менің Қазақстаным» (сурет көрмесі) 3. 25-қазан ҚР-сы күніне арналған видеоролик (ата-аналардың құттықтауы) 4. «Әкем, анам және мен» спорттық сайыс	Психолог: Айжанова А.Қ. Тәрбиешілер: Кожажалиева Ш.Ө Шаптарбаева Г.Б Игілікова Г.Б
Қараша	1. 2-3 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері. 2. «Берекелі, Алтын күз!» (қолөнер)	Тәрбиеші: Шаптарбаева Г.Б Тәрбиеші: Кожажалиева Ш.Ө
Желтоқсан	1. «Тәуелсіздік-тірегім» сурет көрмесі 2. «Қош келдің, Жаңа жыл!» (ертеңгілігі) 3. «Желшешек» (баяндама)	Тәрбиеші: Кожажалиева Ш.Ө Тәрбиеші: Кожажалиева Ш.Ө Шаптарбаева Г.Б Тәрбиеші: Кожажалиева Ш.Ө

Қаңтар	1.Қолөнер: «Қыс қызықтары» 2.«Тұмаудың алдын алудың тиімді жолдары қандай?» (Кеңес).	Тәрбиеші: Шаптарбаева Г.Б Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.
Ақпан	1.«Біз біргеміз!» ойын тренинг 2.Ата-аналарға кеңестер	Тәрбиеші: Шаптарбаева Г.Б Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө
Наурыз	1.Ұшпа (краснуха) –ауру туралы мәлімет. (Ата-аналарға мәлімет беру). 2.«Армысың, Наурыз!» (22-наурызға арналған спроттық жарыс)	Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө Дене шынықтыру нұсқаушысы: Игілікова Г.Б
Сәуір	Жалпы ата-аналар жиналысы Ата-аналармен сауалнама жүргізу Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»	Балабақша басшылығы, тәрбиешілер. Топ тәрбиешісі: Кожағалиева Ш.Ө.
Мамыр	1. Балаға ата — анасы көшбасшы. 2.Ата-аналарға психологиялық кеңес.	Тәрбиеші: Шаптарбаева Г.Б Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2-қосымша. Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыс жоспары

№	Тақырыптар	Мерзімі	Жұмыс жоспары	Жауаптылар
1.	«Білім айы»	Қыркүйек	Экскурсия. Балабақшамен, топпен, тәрбиешілермен, балабақша қызметкерлерімен таныстыру	Топ тәрбиешісі: Шаптарбаева Г.Б
2.	«Республика күні»	Қазан	Ата-аналардың құттықтауы видеоролик.	Топ тәрбиешісі: Кожғалиева Ш.Ө
3.	«Берекелі, Алтын күз!»	Қараша	Қолөнер байқауы	Топ тәрбиешілері: Кожғалиева Ш.Ө Шаптарбаева Г.Б
4.	«Көк тудың желбірегені»	Желтоқсан	Сурет байқауы	Топ тәрбиешілері: Кожғалиева Ш.Ө Сәрсенова Б.Е
5.	«Мен оқыған бір ертегі»	Қаңтар	Балалардың театрландырылған іс-әрекеті	Топ тәрбиешілері: Кожғалиева Ш.Ө Сәрсенова Б.Е
6.	«Мақал- сөздің азығы, жұмбақ ойдың азығы»	Ақпан	«Балалар кітапханасы» жобасы	Топ тәрбиешілері: Кожғалиева Ш.Ө Сәрсенова Б.Е
7.	Алғыс айту күні. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер»	Наурыз	Ата-аналармен видеоролик. Мата, жүн, киіз, ағаш, қағаз, жіп, сазбалшық, былғары және т.б. заттардан қолөнер туындыларын өткізуден байқау	Топ тәрбиешілері: Кожғалиева Ш.Ө Сәрсенова Б.Е
8.	«Ғарышкерлер күні»	Сәуір	Республикалық сурет байқауы	Топ тәрбиешілері: Кожғалиева Ш.Ө Сәрсенова Б.Е
9.	«1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні»	Мамыр	Кеңейтілген іс-әрекет.	Топ тәрбиешілері: Кожғалиева Ш.Ө Сәрсенова Б.Е

Музыка арқылы саусақ қимылмен
ата – аналарды топқа кіргізу, қарсы алу.



«Таныстыру!» ойыны

Шарты: Шеңберге тұрып әр ата – ана допты алып өзін таныстырып, балаларының қасиеттерін айтып өтті.

Ата- аналардың психологиялық көңіл күйін көтеру, бір бірімен құрметпен карауға, ұжымда сыйластық қарым – қатынас орнату.



Медбике ата- аналарға тазалық және екпе алу алу туралы түсініктеме сөз сөйледі.



Шынар Өтемісқызы:

- Ата – ана ережесімен таныстыру
- Келісім шарт, төлемақы туралы сөз сөйледі.

Гүлжайна Бақиқызы:

«2-3 жастағы балалардың даму ерекшелігі» тақырыбында баяндама оқыды.

- Балалардың сабаққа қатысымы, тазалық туралы туралы.
- Балалар жұмысы
- Ата-аналар комитетін сайлау туралы сөз сөйледі.



Қорытынды: Сұрақ – жауап
Ата-аналарға сұрақтармен тапсырмалар берілді. Сұрақтар бойынша әр ата- ана толық жауап беріп ортада талқылады.

Баяндама:

**«Баланы алғаш балабақшаға қалай
дайындау керек?»»**

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

Ақтөбе қаласы

Баяндама: «Баланы алғаш балабақшаға қалай дайындау керек?»

«Баланы алғаш балабақшаға қалай дайындау керек?»

Алғашында балалар балабақшаға әртүрлі үйреніседі. Көбінесе балалар балабақшаға, жаңа жағдайда, еш дайындықсыз келеді. Олардың көпшілігі ботқа жеуге, сүт тағамдарын жеуге, яғни, өз бетінше тамақтануға бейімділмеген болады. Ал балабақшаға бейімдеудің өзіндік шарттары болады.

Күн тәртібі: Баланың жаңа ортаға қалай бейімделуі үйдегі күн тәртібіне байланысты. Баланы туғаннан белгілі бір уақытта ұйықтатып, ұйықтар алдында ауа тазартып, әдемі ертегі оқып беріп қалыптастыру керек. Баланың дені сау, болып өсуі үшін тамақтануды реттеу керек. Өйткені, баланың тамақтануы-оның өсіп келе жатқан ағзасының құрылыс материалы болып табылады. Сүт, ет, балық, жұмыртқа-тканьдердің негізі құраушысы, секер, кортоп-көмірсулар негізі. Ас мәзірі түрленуі тиіс. Бала тамақтанып отырғанда жан-жағына алаңдамай, сөйлемей отыруы тиіс. Балабақшаға дейін баланы емізуден шығару—бала үшін де, басқа үшін де өте маңызды. Серуен-әр күн тәртібіндегі ерекше шара. Табиғатпен таныса жүріп, бала байқампаз, сақ, анды боуды үйренеді. Өзін қоршаған орта туралы алғашқы ұғымдары қалыптасады. Сәбімен сөйлесіп жүру керек: жануарлар мен өсімдіктер туралы, машиналар мен адамдар туралы, ауа-райы құбылыстары туралы. Балаңыз балабақша ішіндегі күн тәртібін көндігі алмай қиналмасын десеңіз, бірнеше күн бұрын үйдегі іс-әрекетін балабақша тәртібіне жақындатып, баланың бойың үйретіп қоюға болады. Бірден бөтен күн тәртібің қабылдай алмайтын бала не балабақшадан безініп тұрады, не тоңмойын боп алады. Назар аударыңыз: Өз бетінше іс-әрекет ете алу мүмкіндігіне байланысты әр бала бейімделу кезінде қандай көңіл-күйде өтетініне назар аударыңыз. Балабақшаға келер алдында бала бойында қалыптасуы тиіс: -өз бетінше тамақ жеу. -түбекке отыру -киіне алу -барлық мәдени-гигиеналық қабілеттерге оң көзқарасты болуы Отбасы жағдайында керекті гигиеналық қабілеттерге үйреніп қалыптастырылса, бала да жаңа ортаға тез бейімделеді. Ол үшін ата-ана таңғы және кешкі жуынуды, киім кию ретін, дастархан басында өзін қалай ұстауды үйретуі тиіс. Оның ішінде түбекке сұрану, әжетханадан кейін қолды сабынмен жуу, астан кейін сүрткіштерді пайдалануды үйрету бәрінен де маңызды. Достық-бұл ғылым. Егер бала үйден шықпаған, яғни әке-шешеден басқа адам көрмеген болса, қарым-қатынас қалыптастыруда оған өте қиын болады. Мұндай балаға жаңа адамдармен танысу қиын болады да, ол өзгелерден алшақтап, оңаша қалғысы кеп тұрады. Ол үшін көрші-көлем, туыс-тумалардың балаларымен араласып ойнату, бір-бірімен ойыншық алмастырып ойнату керек. Балалардың балабақшаға баруға ең қолайлы кезеңі-жаз бен көктем боп есептеледі. Ал жаңбырлы қоңыр күзге мұндай шаруаны қалдырмаған дұрыс.

Тақырыбы: 2-жастағы балалардың даму ерекшелігі

Өткізген: Кожағалиева Ш.Ө.

2023-2024 оқу жылы

2-жастағы балалардың даму ерекшелігі.

Балалның барлығы бакытты болуға тиіс. Халқымыз бала бауыр етіміз, балалы үй базар, баланың жасында көргені бүкіл өміріне азық болады деген даналық тұжырымдар жасаған. Балаға жағдайды жасап, құрмет тұтқан. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да жас күнінде тәрбиені қабылдауға сондай икемді болады. Әрбір баланың өзімен бірге ала келетін табиғи ерекшеліктері болады.

Жалпы мектепке дейінгі педагогикада екі жасқа шығатын балалардың бүтіндей дамуы бір жасқа қарағанда баяу болатындықтан күн кестесін, тәрбие міндеттерін ескеріп отырған жөн.

Сәбилердің зейіні, есі, жалпы дамуы ескеріліп отырып, сабаққа қолданылатын көрнекіліктер мен әдіс-тәсілдер сұрыпталып алынуы керек. Көрнекіліктер ашық түсті, баланың қабылдауына жеңіл, сабақтың мазмұн ашатын болуы керек. Ал сәбилермен олардың әрқайсысымен жеке ерекшелігіне қарай қарым-қатынас жасап әрекет ету тиімді. Баланың дербес әрекет етуге талпынысын, әр іс-әрекеті мен сол сабақтағы немесе ойындағы қарапайым еңбегін (жауабы, эмоциясы, реакциясы) байқап, бағалап, құптап отыру тәрбиешінің басты міндеті. Балалардың бетінен қақпалай берсе ұяң, қызығушылығы төмен болып қалыптасады. Ондай сәбилердің өз дамуы мен мінезіне сай әрекеттерді іріктеп отыру, мадақтап, көтермелеп отыру балалардың әрі қарай дамуына, жаңа қарапайым дағдыларының қалыптасуына, өз бетімен әрекет етуіне себепші болады. бала бойындағы дамытуға тиісті қасиеттерге қырағылық таныту тәрбиешінің борышы екенің ұмытпағанымыз жөн.

2-жастағы сәбилердің даму ерекшеліктерін ескере отырып, сол кезеңде өмірлік дағдыларды қалыптастырып дамыту үшін жүргізілетін жұмыстардың тізбегі мен мазмұны мына төмендегідей анықталып, нақтыланады. Атап айтсақ:

- * коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында;
- * дербес әрекет ету мен оған жетуге ұмтылу дағдысын қалыптастыру;
- * өзара қарым-қатынас жасай білу дағдысын қалыптастыру;
- * өз сезімдерін немесе эмоциялық қарым-қатынастарын жеткізу дағдысын қалыптастыру

Аталған өмірлік дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік шарттары осы кезеңде қалыптасуға тиісті өмірлік дағдылар тізбесінің мазмұнын іске асыруға бағытталады.

Баланың емін-еркін қарым-қатынас жасап, қалыпты өмір сүруі үшін күнделікті өмірдегі дағдылардың тізбегіне іске асыру мен бала бойындағы

дарыту мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігі мен біліктігіне, ата-аналардың жауапкершілігі мен біліміне, балабақша мен отбасының арасындағы ықпалдастыққа байланысты екені даусыз.

Баланың жан дүниесіне шынымен мән берсек, оның бұзылуының себебі түрлі-түрлі екенін білер едік. Мысалы: бір бала тынышсыз айтқан ескертуді тындамайды, назар аудармайды. Кейде тіпті мінез көрсетеді. Ал оның себебін білмей балаға ұрса берсек, "бұзықтығын" бұрынғыдан да көбейтеді. Сондықтан баланың табиғи болмысына құрметпен қарап, оны сол тұрған-болған қалпында қабылдау керек. Баламен жеке тіл табысу жолын ойластыруымыз керек. Әдетте сәби өзін қоршаған өмірдегі үнге, сөзге тым әсерленгіш, сезімтал келеді. Әсіресе, баланың тұңғыш түлеп ұшатын ұясы-отбасындағы тіршілік салты бала жанына тасқа басқандай өшпес терең із қалдырады. Егер отбасындағы ата-анаға, аға-бауыр, апа-сіңілердің арасындағы қарым-қатынас өзара сый-құрметке негізделген биязы, әдепті болса, кішісі үлкенді сыйлап, үлкендері кішіге қайырымды-мейірімді болса, отбасындағы демалыс сәттеріндегі мағыналы, әсем, есті ән мен байсалды, тәтті күй тындап, содан рухани ләззат ала білсе, ал үлкендер арасында балаға үлгі боларлық жүрекке жылы, құлаққа жағымды аталы сөздер айтылса, отбасындағы, міне, осындай жағымды тіршілік салты, біркелкі, тәтті өмір тынысы бала жанын баурап, сол өнегелі салтқа қалыптасады, ол басқа жерлерден дөрекі мінез көріп, лас сөздер естісе, оған төбей үрке қарайтын болады. Ал керісінше, үйіндегі адамдар, әсіресе, ата-анасы тынышсыз, үнемі ұрысып-керісетін болса, бірін-бірі сыйламай, айқай-шу шығарып, жағымсыз, дөрекі сөздерге жол берілсе, немесе ішкілікке үйір болып өссе баланың адал сенгіш жүрегі сол қалпында қабылдайды. Қазақтың "ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" даналық сөзі сірә, осындай өмір тәжірибесінен алынса керек. Бала денінің сау, дұрыс өсіп қалыптасуы үшін ананың мейірге толы асыл сөздері бала жанына нұр құйып, қиялын шарықтатыа, байытатын қызық аңыз-ертегілері, бала санасына қонымды әсем ән мен тәтті күй, ана тілінің құдіретін бала бойына сіңіретін тамаша мағыналы тақпақ пен ғибрат сөздер, қызықты жұмбақтар сондай қажет.

"Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар" дегендей мұнымен айтпақ ойымыз-ата-ана бала тәрбиелеу де шет қалмай балабақша ұжымымен бірлесе отырып жұмыс жасауы қажет.

**Тақырыбы: 2-жастағы балалардың даму
ерекшелігі**

Өткізген: Шаптарбаева.Г.Б

2023-2024 оқу жылы

2-жастағы балалардың даму ерекшелігі.

Балалның барлығы бақытты болуға тиіс. Халқымыз бала бауыр етіміз, балалы үй базар, баланың жасында көргені бүкіл өміріне азық болады деген даналық тұжырымдар жасаған. Балаға жағдайды жасап, құрмет тұтқан. Жас шыбық иілуге қандай икемді болса, бала да жас күнінде тәрбиені қабылдауға сондай икемді болады. Әрбір баланың өзімен бірге ала келетін табиғи ерекшеліктері болады.

Жалпы мектепке дейінгі педагогикада екі жасқа шығатын балалардың бүтіндей дамуы бір жасқа қарағанда баяу болатындықтан күн кестесін, тәрбие міндеттерін ескеріп отырған жөн.

Сәбилердің зейіні, есі, жалпы дамуы ескеріліп отырып, сабаққа қолданылатын көрнекіліктер мен әдіс-тәсілдер сұрыпталып алынуы керек. Көрнекіліктер ашық түсті, баланың қабылдауына жеңіл, сабақтың мазмұн ашатын болуы керек. Ал сәбилермен олардың әрқайсысымен жеке ерекшелігіне қарай қарым-қатынас жасап әрекет ету тиімді. Баланың дербес әрекет етуге талпынысын, әр іс-әрекеті мен сол сабақтағы немесе ойындағы қарапайым еңбегін (жауабы, эмоциясы, реакциясы) байқап, бағалап, құптап отыру тәрбиешінің басты міндеті. Балалардың бетінен қақпалай берсе ұяң, қызығушылығы төмен болып қалыптасады. Ондай сәбилердің өз дамуы мен мінезіне сай әрекеттерді іріктеп отыру, мадақтап, көтермелеп отыру балалардың әрі қарай дамуына, жаңа қарапайым дағдыларының қалыптасуына, өз бетімен әрекет етуіне себепші болады. Бала бойындағы дамытуға тиісті қасиеттерге қырағылық таныту тәрбиешінің борышы екенін ұмытпағанымыз жөн.

2-жастағы сәбилердің даму ерекшеліктерін ескере отырып, сол кезеңде өмірлік дағдыларды қалыптастырып дамыту үшін жүргізілетін жұмыстардың тізбегі мен мазмұны мына төмендегідей анықталып, нақтыланады. Атап айтсақ:

- * коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатында;
- * дербес әрекет ету мен оған жетуге ұмтылу дағдысын қалыптастыру;
- * өзара қарым-қатынас жасай білу дағдысын қалыптастыру;
- * өз сезімдерін немесе эмоциялық қарым-қатынастарын жеткізу дағдысын қалыптастыру

Аталған өмірлік дағдыларды қалыптастырудың әдістемелік шарттары осы кезеңде қалыптасуға тиісті өмірлік дағдылар тізбесінің мазмұнын іске асыруға бағытталады.

Баланың емін-еркін қарым-қатынас жасап, қалыпты өмір сүруі үшін күнделікті өмірдегі дағдылардың тізбегіне іске асыру мен бала бойындағы дарыту мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігі мен біліктігіне, ата-аналардың жауапкершілігі мен біліміне,

балабақша мен отбасының арасындағы ықпалдастыққа байланысты екені даусыз.

Баланың жан дүниесіне шынымен мән берсек, оның бұзылуының себебі түрлі-түрлі екенін білер едік. Мысалы: бір бала тынышсыз айтқан ескертуді тындамайды, назар аудармайды. Кейде тіпті мінез көрсетеді. Ал оның себебін білмей балаға ұрса берсек, "бұзықтығын" бұрынғыдан да көбейтеді. Сондықтан баланың табиғи болмысына құрметпен қарап, оны сол тұрған-болған қалпында қабылдау керек. Баламен жеке тіл табысу жолын ойластыруымыз керек. Әдетте сәби өзін қоршаған өмірдегі үнге, сөзге тым әсерленгіш, сезімтал келеді. Әсіресе, баланың тұңғыш түлеп ұшатын ұясы-отбасындағы тіршілік салты бала жанына тасқа басқандай өшпес терең із қалдырады. Егер отбасындағы ата-анаға, аға-бауыр, апа-сіңілердің арасындағы қарым-қатынас өзара сый-құрметке негізделген биязы, әдепті болса, кішісі үлкенді сыйлап, үлкендері кішіге қайырымды-мейірімді болса, отбасындағы демалыс сәттеріндегі мағыналы, әсем, есті ән мен байсалды, тәтті күй тыңдап, содан рухани ләззат ала білсе, ал үлкендер арасында балаға үлгі боларлық жүрекке жылы, құлаққа жағымды аталы сөздер айтылса, отбасындағы, міне, осындай жағымды тіршілік салты, біркелкі, тәтті өмір тынысы бала жанын баурап, сол өнегелі салтқа қалыптасады, ол басқа жерлерден дөрекі мінез көріп, лас сөздер естісе, оған төбей үрке қарайтын болады. Ал керісінше, үйіндегі адамдар, әсіресе, ата-анасы тынышсыз, үнемі ұрысып-керісетін болса, бірін-бірі сыйламай, айқай-шу шығарып, жағымсыз, дөрекі сөздерге жол берілсе, немесе ішкілікке үйір болып өссе баланың адал сенгіш жүрегі сол қалпында қабылдайды. Қазақтың "ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін" даналық сөзі сірә, осындай өмір тәжірибесінен алынса керек. Бала денінің сау, дұрыс өсіп қалыптасуы үшін ананың мейірге толы асыл сөздері бала жанына нұр құйып, қиялын шарықтатыа, байытатын қызық аңыз-ертегілері, бала санасына қонымды әсем ән мен тәтті күй, ана тілінің құдіретін бала бойына сіңіретін тамаша мағыналы тақпақ пен ғибрат сөздер, қызықты жұмбақтар сондай қажет.

"Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар" дегендей мұнымен айтпақ ойымыз-ата-ана бала тәрбиелеу де шет қалмай балабақша ұжымымен бірлесе отырып жұмыс жасауы қажет.

Жанұяның әлеуметтік жағдайын анықтау сауалнамасының қорытынды парағы
2023-2024 оқу жылы

№8 «Көжек»	Жалпы бала саны	Аз балалы отбасы	Көп балалы отбасы	Қамқорлыққа алынған бала саны	Ата-ананың										Жеке тұрғын үй			Балалардың балабақшадан тыс мекемеге қатысуы.		Отбасы құрамы		Отбасы жағдайы				
					Жасы					Білімі																
					Әке 15		Ана 15			Әке 15		Ана 15			Пәтер бар	Жалдамалы пәтерде	Ата-аналармен бірге	Қатысады	Қатыспайды	Толық	Толық емес	Жақсы	Орташа			
					20-30	31-40	41-50	51-60	20-30	31-40	41-50	51-60	Жоғары	Арнаулы орта										Орта	Жоғары	Арнаулы орта
15	11 74%	4 26%			4 27%	7 46%	4 27%	4 27%	9 60%	2 13%		9 60%	6 40%		10 67%	5 33%		6 40%	2 14%	7 46%	-	15 100%	15 100%	%	15 100%	%

№41 «Назерке» бөбекжай - балабақша психологі : Айжанова А К

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Менің елім-Қазақстан!»
(кеңейтілген іс-әрекеті)

Тәрбиешілері: Кожағалиева Ш.Ө
Сәрсенова Б.Е.

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Балаларды Отанды сүйеге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Боздақтарға тәу ету. Бүлдіршіндердің тілдік, сөздік қорын молайту.

Көрнекіліктер: ҚР Рәміздерінің суреттері, ойындар, Елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының суреті, желтоқсан оқиғасының құрбандардың суреттері.

ҚР. Әнұраны орындалады.

Сұрақ-жауап

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс.

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

Зай бар.

-Қыс айларын атайық?

Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

-Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Салқын, боран, ызғарлы, аяз болады.

-Үстімізге қандай киім киеміз?

Жылы киімдер киеміз.

-Қандай ойындар ойнаймыз?

Сырғанақ тебеміз, аққала жасаймыз, шанамен таудан төмен сырғанаймыз т.б.

Жарайсындар балалар!

-Біз аспаны ашық, сәулелі, кең байтақ елде тұрамыз. Ол ел-Қазақстан!

-Біздің еліміз қалай аталады?

-Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

Дұрыс айтасыздар! Отанымыз, жеріміз Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады. Біздің тәуелсіздік алғанымызға жыл толып жатыр. Осы жылдың ішінде біздің еліміз Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті. Күні бүгінде Қазақстан Республикасын бүкіл әлем мойындады. Әр адамның өз Отаны, ата жұрты, мекені, қонысы болады екен.

Тақпақтар

Сүйемхан:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Шырқатып ән салған күн.

Нейла:

Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Айжұлдыз:

Бабамның да арманы,
Осы еді ғой аңсаған,
Тәуелсіздік тандары
Бақ береді баршаға.

Нұртуған:

Мерекеге шығады,
Бүкіл халық біліп қой.
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлық той.

Абдулла:

Көк туымды қолыма,
Бүгін берік ұстадым,
Түсті бақыт жолыма
Менің Қазақстаным!

Ойын: «Көлеңкесін тап»

Әр берілген суреттерді көлеңкесі арқылы тауып, орналастыру.

-Елімізді басқарып отырған Елбасшымыз кім?

Қасым-Жомарт Кемелұлы.

-ҚР Рәміздерін атайықшы

Ту, Елтаңба, Әнұран

Ойын: «Рәміздерді орналастыр»

Шарты: Берілген суреттерді өз орнымен жапсырғыш арқылы жапсырып орналастыру.

-Тудың түсі қандай?

-Тудың түсі қандай? Туда нелер бейнеленен?

Тудың түсі көк, шетінде ою-өрнек, ортасында қыран құс бейнеленген.

-Елтаңбада ненің бейнесі бар?

Елтаңба алтын түстес және көгілдір түсті. Әлемнің тұтастығын, ошақтың амандығын білдіреді. Тұлпар биік арманның, қайраттын нышаны. Жұлдыз-жұлдызымыз жарық болсын дегенді білдіреді.


Тәуелсіздік құрбандары, олардың ерліктері туралы әңгімелеп, үнсіздік жариялап еске алу.

Жарайсыңдар балалар! Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!

(Балаларды марапаттау мақсатында Қазақстан тәттісін тарату).



Егемен елім десем, сенім кіріп,
 Бойымды билеп кетер сенімділік.
 Ешкімге ауыстырмас алтын Отан
 Жырлаймын қасиетінді төгілдіріп.



Нұрына шомылдырып алтын күнің,
 Республикам ертеңге талпындырыдың.
 Өзінен шабыт алып ақын қтыл,
 Шалықтап кең далада шалқып жүрмін



Жарқырап жанған күндей азаттығы,
 Көрінер ұлтымның да ғажаптығы.
 Республика күнімен құттықтаймын
 Өйткені ол – Ұлт күні, Қазақ күні!



№41 “Назерке” бөбекжай-балабақшасы

МАДАҚТАМА

№9 “Балапан” №8 “Көжесек”, №6 “Елік”
ортаңғы топтың ата-аналары мен балалары
арасында өткізілген “Әкем, анам және мен”
атты спорттық жарыс ойындарына белсене
қатысып ІІ орынға ие болған

Орынботасаров тағе отбасы команда

МАР АТЛАТЛАЛДЫ!!!

№41 “Назерке”
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі:

А. Г. Уртамбаева

Ақтөбе, 2023ж





«2-3 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері»

2-3 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері.

2-3 жастағы балалардың даму кезеңінде үлкен адам басты тұлға болып табылады. Өйткені бала әліде болса көп жағдайда оған тәуелді болады.

Егер үлкен адам кішкентай балаға, оның өмірден көрген, естіген нәрсенің мағынасын түсіндіріп отырмаса, ол дүниені тани алмайды. Балаға заттың атын атап, түсін түстеп, болып жатқан, оқиғаларды сипаттап түсіндіріп беріп отыру қажет. Бала үлкендердің сөзін қолдап, әрқашан қорғауға дайын екендігін сезіп білуі қажет. Әрдайым балалардың эмоциялық көңіл – күйіне ортақтасып, тілек білдіріп отырған жөн. Олардың өзі ойлаған ісін, біреудің көмегінсіз істеп қоюға деген ұмтылыстарын құптап отырыңыздар. Балалар егер өздерін басқалар бағаласа, онда өзін - өзі бағалай бастайды. Егер үлкендер шын мәнінде балаға құрметпен қараса және оны ашық түрде үнемі білдіріп отырса, балаларда дұрыс немесе орынсыз мінез – құлықты жылдам игеріп алады. Осы кезде балаға ән, ертегі, әңгіме, суретті көбірек көрсетіп, оқып беру керек. Балалар қайталап айтқанды ұнатады. Бала 2-3 жасында өзінің эмоцияларын шапшаң, айқын тікелей түрде білдіре алады. 2-3 жастағы сәбиді алдандырып, бір күйден екінші күйге ауыстыру оңай. Бұл жастағы жағымсыз эмоциялардың себептері, ол көбінесе сәбидің табиғи күйіне байланысты. Бала құлап, бір жерін ауыртып алса жылайды. Сәбидің ұйқысы қанбаса, қарны ашса, оның аяғын аяқ киімі қысып тұрса, ол мазасызданады.

Үш жастағы дағдарыс басталғаннан кейін балалардағы жағымсыз эмоцияларының тұтануы, ол сонымен бірге үлкендердің балаға өз ойын еріксіз таңу әрекеттерімен ілесе жүреді.

Баладағы жағымды эмоциялар, ол көбінесе оның ағзасының қажеттіліктеріне байланысты туындайды яғни сүйсініп жейтін тамақ, жағымды хош иіс (мысалы; гүлдер немесе әртүрлі әтір иістері) үлкендердің аялап, әлпештеуін тілеу, белсенді қимыл, ән салу, көңілді жеңіл музыка, сипағанда жағымды әсер беретін матадан жасалған (немесе іші толтырылған жұмсақ ойыншықтар) заттарды сипау, кейбір балалар үшін шомылу.

Эмоциялық тепе – теңдікті қалпына келтіру үшін, ырғақты тербелу, секіру, тізеде ойнату, саусақпен ойнау т.б. үлкендермен қосылып ойнайтын ойындар ойнауға болады.

Қай балабақшаға баратыны анықталған соң ол жерге барып көруіңіз керек: тәрбиешілермен, басқа да қызметкерлермен, меңгерушімен танысуға құжылысыз. Тәрбиешілермен сөйлесіп, көкейіңіздегі барлық сұрақтарға жауап ала аласыз. Соның ішінде жаңадан келетін балаға қандай заттар керек, қанша уақытқа, қашан әкелетінін білесіз. Баланыңды балабақшаға алғаш апарған күні Сіз барлық қиындықты артқа тастағандай боласыз, бірақ баланыңды балабақшаға бармаймын деп жылауы, әртүрлі шарттар қоюы, бақшаның немесе тәрбиешінің үстінен арыз айтуы, жаңа жағдайда, яғни балабақша жағдайына бейімделуге балаға да отбасына да уақыт керек болады. Бейімделу кезеңі жеңіл, ауыр, өте ауыр деген үш түрлі болады. Сәйкесінше ол 2-3 ай көлемінде өтуі мүмкін. Кей балада ерекше жағдайда 4-5 айға созылуы мүмкін. Осындай кезде бақша қызметкерлері мен отбасы мүшелері арасында тығыз байланыс орнауы тиіс. Балаға балабақшаның қандай болатыны, ондағы күн тәртібінің қандай болатыны туралы айту керек. Өзге ортаға кірігу үшін, басқа балалармен атын сұрап танысуды үйрету керек. Баланың көзінше балабақшаны, балабақша қызметкерлерін, күн тәртібін мақтап, әңгімелеп, қызығушылығын тудыру қажет. Ал, баланың үйдегі тәртібін реттеу үшін, бақшаға апарып тастаймын, - деп қорқытуға болмайды. Керісінше, оны бұрынғыдан сирек көретіндіктен, жиірек құшағыңызға қысып, пікір алмасыңыз. Сөйтіп балабақшаны өзінің екінші үйі деп ұғынуына мүмкіндік жасау керек. Осындай қарапайым ереже – шарттарды сақтасаңыз өз баланыңды бере тұрып, ешқандай уайымдамауыңызға болады.

№41 Назерке бөбекжай-балабақшасы

«Жасыл шырша жанында»

(№8 «Көжек» ортаңғы тобының жаңа жылдық ертенгілігі)

Тәрбиешілері: Кожағалиева Ш.Ө

Сәрсенова Б.Е

2023-2024ж оқу жылы

Балалар бірінің артынан бірі музыка әуенімен залға кіреді.

Жүргізуші: Біздің зал қандай әдемі,

Өзі жасыл, инелі

Өлең айтып билейміз,

Көп ойыншықтар ілеміз.

Біздің зал қандай әсем безендірілген, қараңдаршы! Бүгін бізде Жаңа жыл мерекесі. Балалар қараңдаршы, шырша неткен әдемі, көп ойыншықтар ілінген екен.

Нұрландырып маңайды,

Шырша шамы жағылсын!

Жаңа жылдың құрметіне,

Ақ тілектер ағылсын!- ендеше, әсем шыршамызға арнап тақпақтарымызды айтайық.

Тақпақтар

Сықырлаған қардың дауысы естіледі.

Жүргізуші: Балалар, шыршаның астында бір нәрсе жыбырлайтын сияқты, мен не бар екенін көрейін.

Жүргізуші: (таңдана) Балалар, бұл қар ғой! Бұл жай қар емес, сиқырлы қар! Сиқырлы қар сөйлейтін сияқты, бірақ дауысы тым ақырын естіледі екен, мен оның не айтып жатқанын тыңдап көрейін. (қарға құлағын тосады)

Балалар, сиқырлы қар біздерді орманға саяхаттауға шақырып жатыр! Сендер қысқы орманға саяхатқа шыққыларың келеме? Ендеше сиқырлы ақ ұлпа қарларымызды жолға жіберейік, ол бізді қайда алып барады екен? (қарды домалатады). О, үйшік? Бұл үйшікте кім тұрады екен, кім бар екен? Мен есігін қағып көрейінші!!! (музыка ойнайды) Ақшақардың келуі.

Ақшақар: Сендер кімсіңдер?

Жүргізуші: Ал, сіз кім боласыз?

Ақшақар: Мен Ақшақармын, Аяз атаның немересімін. Ал, сендер кімсіңдер?

Жүргізуші: Біз Назерке балабақшасынанбыз, бұл жерге қар ханшайымдарын алып келдік.

Ақшақар: Жарайсыңдар, қонақтармен бірге келгендеріңе қуаныштымын! Келіңдер, Қар ханшайымдары бірге би билейік!

Би: «Ұлпа қарлар»

Ақшақар: Ой, жарайсыңдар, көңіл –күйім көтеріліп қалды. Тағы да қандай өнерлерің бар!

Тақпақтар

Нейла:

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса.

Айжұлдыз:

Әдемілеп, біз ілген,

Ойыншықтар тізілген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Айша:

О, алақай жаңа жыл

Бәрі аппақ оймен қыр.

Шыршамызбен ойнаймыз,

Жаңа жылды тойлаймыз.

Ән: «Жаңа жылды қарсы алайық!»

Ақшақар: Ой, балалар мына жерде не деген көп қар кесектері жиналған. Қар кесегін жинап ойын ойнағыларың келе ме?

Жүргізуші: Әрине Ақшақар, біздің балалар қар кесегімен ойнағанды жақсы көреді. Солай ма, ендеше қар кесегімен ойын ойнайық.

Ойын: «Қар кесектері»

Жүргізуші: Қыс қызығы тамаша,

Ойнаймыз біз таласа,

Думанымыз жалғассын

Жаңа жылға тамаша.

Музыка: «Қар кесектері»

Ақшақар: Ал, енді қане балалар мына сиқырлы ұлпа қар бізді әрі қарай қайда апаратынын көрейік. Мен ұлпа қарды ары қарай домалатайын. (музыка ойнайды).

Ақша қар: Бұл жерде ешкім, шырша ғой мынау. Ешкім де жоқ.

Жүргізуші: Жоқ, Ақшақар шыршаның астында біреу барма, әлде жоқ па? Мен қарап көрейін. Ааа бұл жерде қоян жасырынып отыр ғой.

(музыка қоянның шығуы).

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, қоян?

Ақшақар: Сен неге шыршаның астында тығылып отырсың?

Қоян: Мен бұл жерде жалғызбын! Жаңа жылды жалғыз қарсы алуға қорқып отырмын.

Ақшақар: Қорықпа қоян, біздің балаларда Жаңа жылды асыға күтіп отыр. Сен де біздің мерекеде қал. Жаңа жылды бірге күтейік. Сен біздің жаңа жылда орман аңдарымен бірге билесең болады.

Би: «Сүйкімді аңдар»

Қояні: Жарайсыңдар! Билерің өте тамаша, көңілді болды. Менің қорқынышым басылып көңіл-күйім көтеріліп қалды, мен енді қорықпаймын.

(Музыка ойнайды түлкі келеді).

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін

Тұнып тұрған күлкімін.

Бұлғаң, бұлғаң құйрығым

Текке өтпейді бір күнім!

Ақшақар: Қоян, балалармен ойын ойнайық.

Ойын: «Аңдар мен ақ ұлпалар» (фортепианода музыка ойнайды, музыка тоқтағанда балаларда тұрып қалуы керек). Ойын осылай жалғасады.

Жүргізуші: Балалар би билеп, ән салдық, ойын ойнадық. Бірақ, біздің шыршаға бір кім жетпей тұр?

Балалар: Аяз Ата

Жүргізуші: Ендеше, Аяз Атаны шақырайық!

Балалар: Аяз Ата, Аяз Ата хормен 3-рет шақырады. (залға Аяз Ата кіреді).

Аяз Ата : Барлық жандар бір бірлікке қосқан үн,

Бақытты боп басталады жыл дастан,

Құтты болсын, жаңа бақыт достарым!

Ақшақар: Аяз Ата, балалар, қараңдаршы шыршамыз көңілсіз тұрған сияқты.
Аяз Ата, сиқырлы сөздермен шамдарын жарқыратайық.

Аяз Ата: Қуант бізді тапырқат,

Шамдарыңды жарқырат...

(Шырша шамдары жанады)

Жүргізуші: Қандай керемет, Аяз Ата, Ақшақар балаларымыз

Батыржан: Дала нұр, қала нұр,

Құтты босын, Жаңа жыл!

Арсен Ш.: Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай жақсы шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз!

Аяз Ата: Жарайсыңдар балалар!

Ән: Аяз Ата (хор)

Аяз Ата: Балалар менің сендерге Жаңа жылдық сыйлығым бар. Балалар өнерлерің тамаша екен. Мен енді басқа балабақшасының балаларына барып сыйлық беріп қуантайын.

Жүргізуші: Жаңа жылым жаңа күнім, ардақты,

Жаңа жылым, салиқалы, салмақты!

Қазағымның айқара ашып есігін,

Жақсылықпен жаңалығын жалғапты!

№8 «Көжек» ортаңғы тобының «Жасыл шырша жанында» атты ертеңгілігі осымен өз мәресіне жетті. Амандықта жүздескенше сау болыңыздар! Рақмет!

№41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасы

**Баяндама:
Желшешек**

Ақтөбе қаласы

Желшешек - инфекциялық ауру, вирустан тарайды.

Мұнымен 1 жастан 10 жасқа дейінгі балалар жиі, ал 10 жастан асқан балалар мен ересектер сирек ауырады. Желшешекпен ауырып жазылған адамда күшті иммунитет қалады. Желшешек ауа арқылы тарайды. Сырқаттың инкубациялық (жабық) кезеңі 11 күннен 21 күнге дейін, яғни орташа 14—15 күнге созылады. Ауру басталғанда температура 38—39°C-ге дейін көтеріледі де, адамның терісі мен шырышты қабығында қышыма бөрткен пайда болады. 3—5 күн өткеннен кейін бөрткеннің көбеюі тоқтайды да, температура төмендеп, қалпына келеді, бөрткен қара қотырланып, 1,5—2 аптадан соң оның қабығы түседі. Кейде барлық ауырғай кезеңде температурасы көтерілмей, әдеттегідей бір қалыпты болады.

Ауру адам сырқаттың инкубациялық кезеңінің соңғы күнінен бастап және бөрткен шыққаннан кейінгі 9-күнге дейін жұқпалы болып есептеледі. Әдетте желшешек жеңіл өтеді, бірақ кейде (әлжуаз балаларға шыққанда) асқынатын да кезі болады, терісі іріндейді, құлақтары мен аузының шырышты қабығы т. б. қабынып ауырады. Сырқат баланы мұқият күтімге алу керек. Аурудың денесі бөртсе, оның үстіне температурасы көтерілсе, сырқатты қозғалтпай жатқызып қойған дұрыс. Төсек — орын жаймасын жиі-жиі алмастырған жөн. Сондай-ақ теріні күтудің де маңызы зор. Баланың денесінде бөрткеннің болғанына қарамастан оны қайнаған сумен немесе қызғылтым етіп езілген калий перманганатымен («марганцовка») жуады (мақтаны пайдаланып, өте еппен); ал қолын сабындап жуу керек. Бала терісін қасып, тырнап тастамауы үшін қолының тырнағын алып, дәкеден қолғап тігіп кигізу қажет. Бөрткенді 1 проценттік калий перманганатының немесе 1—2 проценттік бриллиантты зеленка ерітіндісімен сүртсе, ол көп қышымайтын болады. Баланың ерніне тұзсыз сары май немесе қайнатылған күнбағыс майын жағып, сусынды көп ішкізу керек. Кішкентай баланың таңдайын салқын шаймен немесе қайнаған сумен жібітіп отырады. Сондай-ақ сәбидің танауының тазалығына баса назар аудару қажет. Танауындағы жараның қабығын вазелин жағылған немесе қайнатылған күнбағыс майына шыланған мақтамен сүртіп тазалайды.

Науқас балаға ең қажетті нәрсе — таза ауа мен жарық. Мұндай балаларды шаңсыз, жел тимейтін, тыныш жерде, дені сау балалардан бөлек серуендету қажет. Баланың температурасы төмендеп, бөрткеннің қайталап шығуы тоқтағаннан кейін, яғни бұрынғы бөрткендері қара қотырланған соң серуенге шығаруға болады. Серуендету режимін дәрігермен келіскен жөн.

Сәбиді дұрыс тамақтандыру керек. Температурасы көтерілгенде ол тағамнан бас тартады, сырқаты асқынған кезінде кішкентай балалардың іші өтеді, құсалы. Мұндай жағдайда баланы зорлап тамақтандыруға болмайды, тек 6—12 сағаттан кейін тамақтандырып, сусынды көп ішкізу қажет. Егер баланың аузы уылып, ол тағамнан бас тартса, оған сұйық немесе, жұмсартып пісірілген қоймалжың тағам (жылытып) беру керек (үгітілген көкөніс

сорпасы, ботқа, көкөніс пюресі, кисель). Балаға қышқыл және ащы тағам беруге болмайды. Әсіресе іштің жүруін бақылап отыру керек. Үлкен дәреті жүрмей қалғанда клизма қойып, іші өтсе дәрігер келгенше тамақтандырмай, қайнаған суды немесе суыған шайды көп ішкізу қажет.

Желшешек шыққанда дезинфекция жасамайды; наукас бала жатқан бөлмені желдетіп, дымқыл шүберекпен сүртіп алса жеткілікті. Наукаспен жақындасқан 7 жасқа дейінгі баланы 11 күннен 21 күнге дейін оңашалау керек (жақын араласқан алғашқы күннен бастап).

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

**Тақырыбы: «Тұмаудың алдын алудың тиімді жолдары қандай?»
(Ата-аналарға кеңес).**

Өткізген: Кожағалиева Ш.Ө.

2023-2024 оқу жылы

Тұмау мен суық тию белгілері жағынан ұқсас жұқпалы аурулар болып табылады. Бұл ауру түрімен халықтың көпшілігі ауырады. Суық тию – мұрын мен тамаққа, ал тұмаумен ауырғанда тыныс жүйесіне әсер береді. Бұл ауруларды адам ағзасы өзі жеңе алады, кейде елеулі асқынулар болуы мүмкін. Иммундық жүйені нығайту және суық тию мен тұмаудың алғашқы белгілері білінісімен гигиенаны бақылай отырып, сауықтыру шарасын жүргізіп, кез келген асқынуларды болдырмауға болады. - Гигиена сақтау - Иммунитетті күшейту - Тұмаудың бастапқы белгілері білінген кездегі емдеу шаралары. ● 1-бөлім. Гигиена сақтау 1) Қолыңызды жуыңыз. Суық тию мен тұмаудың алдын алудың ең тиімді және қарапайым шараларының бірі – қолды жиі және мұқият жуу болып табылады. Бұл қоғамдық орында, ауада, заттардың бетінде қонған бактериялар мен вирустардың әсерінен болатын тұмау және суық тиюдің таралуын азайтады. Қолды сулаңыз да сабындап 20 секундтай жуыңыз, алақаныңыз бен қолдың сыртын, сау-сақ араларын, тырнақ астын түгел сабын тигенін қадағалаңыз. Қолды сумен жақсылап шайып таза орамалмен сүртіңіз. Қолды жууға мүмкіндік болмаған орында пайдаланатын, қолға арналған арнайы дезинфекциялау құралын алып қойған жөн. 2) Мұрын және ауызды жабу. Жөтелу немесе түшкіру кезінде ауызды, мұрынды қолмен немесе қағаз орамалмен жабу керек, қағаз орамалды бір пайдаланған соң тастау керек. Бұл – микробтар мен вирустардың таралуын болдырмайды. Бактерия немесе вирус қолда қалмас үшін, шынтақты бүгіп, білекті басып тұрып жөтелуге, түшкіруге болады. 3) Халық көп жиналатын орыннан аулақ болыңыз. Суық тию мен тұмау өте тез таралатын жұқпалы ауру. Халық көп жиналған орында жұқтырып алу қаупі жоғары. Халық көп жиналатын қоғамдық орыннан өзіңізді алшақ ұстай отырып, ауруды таралу қаупін азайтасыз. Ондай орында әрбір затты ұстағаннан кейін қолды тазалап жуу қажет. (мысалы, есік тұтқасы т. б.) Егер өзіңізді нашар сезініп тұрсаңыз үйден шықпаңыз, тіпті болмағанда бір күн үйде болыңыз, айналаңызға ауру жұқтыру қаупін азайту үшін. Баланы балабақшада гигиеналық ережелерді қатаң ұстап, ауру балаларды келуіне тыйым салынады. 4) Ортақ пайдаланатын орынды дезинфекциялаңыз. Суық және тұмау вирустары ортақ пайдаланатын орындарда, әртүрлі заттардың, жиһаздардың бетінде, ауада болады әсіресе жуынатын бөлмеде, ас бөлмеде. Суық тию мен тұмауды болдырмас үшін осындай орындарды дезинфекциялау қажет. Міндетті түрде әжетхананы тазалаңыз, қол жуғышты жуыңыз, есік тұтқаларын, жиһаздарды сулы шүберекпен сүртіңіз. Өзіңізге қол жетімді тазалау құралын пайдалануға болады бірақ вирустар мен микробтарды жоятын құрал Белизнаны пайдаланған дұрыс.

● 2-бөлім. Иммунитетті күшейту 1) Екпе (Вакцина) салғызу. Арнайы жылына бір рет вирусқа қарсы екпе салғызу керек. Бұл маусымдық тұмау кезінде иммундық жүйені нығайтады. Сізге тұмауға қарсы екпе салғызуға бола ма, ол туралы дәрігермен ақылдасыңыз. Тұмауға қарсы екпені жылына бір рет салғызыңыз. Егер, екпе салғызғаныңызға бір жылдан асып кеткен болса, оның күші әлсірейді. Тұмауға қарсы екпені 6 айлық сәбиден бастап 65 жасқа

дейін адамдарға салуға рұқсат беріледі. 65 жастан асқан адамдарға әдетте пневмококк вакцинасын жасайды. (Пневмовакс) Есте сақтаңыз! Екпе салған орын сәл - пәл ауруы қалыпты екенін ескеріңіз. Сондай - ақ екпе мұрынға тамызатын спрей түрінде де қолжетімді. Екпемен салыстыруға келмейді, бірақ тұмау белгілерімен жақсы күреседі. Екпе салғызған соң кез келген жанама әсерлері туралы дәрігерге айтыңыз (қызуы көтерілу, дененің ауырсыну). Кейбір елдерде екпе салғызған адам, арнайы құжат сұрай алады. Онда екпенің түрі, әсері, неден қорғайды т. б көрсетіледі.

2) Науқас адаммен байланыспаңыз. Тұмаумен ауырған адаммен тар жерде ұзақ байланысудан аулақ болыңыз. Осылай кез келген бактерия немесе вирустың ағзаңызға еніп, ауру туғызуынан сақтайсыз. Науқас адаммен байланысты сыпайы түрде үзіңіз. Мысалы, «Кешіріңіз, менің шұғыл шаруаларым бар еді, асығып тұрмын» - деген секілді. Егер үйде ауырып жатқан адам болса, арнайы өз бөлмесінде жатуын қадағалаңыз. Басқалармен көп байланыспауын өтініңіз. 3) Өзіңізге тиесілі заттарды ғана пайдаланыңыз. Науқас адам тұтынған заттарды пайдаланбаңыз. Науқас адамның тұтынатын заттарын бөлек ұстаған дұрыс. Осылай жасай отырып сіз өз ағзаңызды кез келген бактерия мен вирустан қорғайсыз. Тамақтанып болған соң, ыдыстардың таза жуылуына назар аударыңыз. (ыдыс жууға арналған құрал пайдалану, қайнаған ыстық сумен шаю). 4) Баламалы дәрі - дәрмек түрін пайдаланыңыз. Кейбір адамдар дәстүрлі емес дәрігерлік әдістердің тұмауға және суық тиюге көмегі барына сеніп жатады. Сондықтан оксалин мазы, ибуфен, ампицилин таблеткаларын пайдаланған жөн.

●3-бөлім. Тұмаудың бастапқы белгілері білінген кезінде емдеу шаралары. 1) Ағзаның құрғауына жол бермеңіз. Қызу көтеріліп терлегеннен, мұрыннан тоқтамай су аққаннан ағзадағы судың мөлшері төмендейді, сондықтан сұйық көп ішу қажет. Сұйық көп ішу, аурудың күшеюін төмендетіп, жағдайыңыздың қалпына келуіне оң ықпал етеді. Әйелдер үшін күніне 9 стакан, ерлер үшін 12 стакан сұйықтық ішу қажет деп есептеледі екен. (су, шырын, шөптерден дайындалған шай, кофеинсіз сусындар т. б.) Кофе, қара шай, кофеин бар сусындар ағзаны құрғат-ып, ауруды асқындырады. 2) Тауық сорпасын ішіңіз. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, суық тиюге қарсы ең тиімді халық емі бұл – тауық сорпасы - шын мәнінде ағзаның суық тию белгілерімен күресуіне жағдай жасайды. Тіпті, ыстық тауық сорпаның буы суық тию белгілерін жеңілдетеді. Тауық сорпасы ағзаның құрғауының алдын алады. Есте сақтаңыз! Тауық сорпасың адам ағзасының қабынуына қарсы дәрі - дәрмек десе болады. Сорпа жұтқыншақтағы шырыштың бөлінуін тездетіп, ағзадағы вирустың өмір сүру уақытын азайтады. 3) Алкогольді ішімдіктер мен шылым шегуден аулақ болыңыз. Түрлі ішімдік пен шылым шегу, суық тию кезінде тек зиянды болмаса, пайдасы жоқ. Ауруды асқындырмас үшін бұлардан бас тарта тұрған жөн. 4) Тұзды сумен тамағыңызды шайыңыз. Күнделікті тұтынатын тұзбен суды араластырып тамақты шаю, тамақ ауруы кезінде тиімді тәсіл. Қысқа уақытқа болса да

жеңілдегенін сезінетін боласыз, тамақ шаюды шамаңыз келгенше жиі қайталаған дұрыс. 1 - 2 шай қасық тұзды 250 мл жылы суға салып тұз ерігенше араластырыңыз. Суды ауызыңызға ұрттап тамағыңызда 30 секундтай ұстап тұрыңыз да түкіріңіз. Кем дегенде күніне екі рет қайталаңыз. 5) Тамаққа арналған арнайы сорғыш тәттілер мен спрей пайдаланыңыз. Тамақ қабынуына қарсы жеңіл дәрілер пайдаланыңыз. Құрамында эвкалипт пен камфора бар, тамаққа арналған арнайы сорғыш тәттілер мен спрейлер, мұрын бітелгенде, тұмаудың алғашқы белгілері кезінде көмегі тиеді. Сорғыш тәттілер мен спрейді әр 2 - 3 сағат сайын қолдану қажет. 6) Ауырсынуды басатын препараттар қабылдаңыз. Егер сізде суық тию немесе тұмау болса, дененізден құрысу байқайсыз. Бұл жағдайда кез келген ауырсынуды басатын, дәрігердің рецептісіз босатылған препарат түрін қабылдаңыз. 7) Көбірек демалыңыз. Адам ағзасы ауру белгілерін жеңіп, тез қалпына келу үшін көп демалу қажет. Егер ыстығыңыз көтеріліп тұрған болса, жұмысқа немесе мектепке бармаған дұрыс. Демалыстың пайдасы – ауру асқынып, қызметтестер мен достарыңызға тұмауды жұқтыру қаупін азайтады.

Күніне 8 сағат ұйықтау керек, суық тию мен тұмаудан ағзаны қорғау үшін қалғып - мүлгудің иммундық жүйеге әсері зор. Ұйықтайтын жеріңіз жылы әрі ыңғайлы, ауа ылғалдығы бір қалыпты болуы керек. Ауа ылғалдығы мұрын бітуі мен жөтелді азайтады. Пайдалы кеңес Тұмаудың алдын алудың ең тиімді жолы – жылына бір рет екпе салғызу. Бір реттік екпе аурумен жылдар бойына күресуге көмектеспейді тек ауру белгілерін жеңілдетеді, жыл сайын жасатып тұру бұл иммундық жүйені күшейтеді. Ескерту! Егер суық тиіп немесе тұмау болып ауырсаңыз жұмысқа бармаңыз – жұмыстағы таныстарыңыздың бәріне жұқтырасыз (бұл этикаға жатпайды); бір - екі күн үйде болсаңыз, тез жазыласыз. Дәрігерден медициналық анықтама беруін сұрасаңыз болды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: Ата-аналарға арналған кеңестер.

Өткізген: Кожаяғалиева Ш.Ө.

2023-2024 оқу жылы

Ата-аналарға кеңестер

Кеңес береміз:

— Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

— Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз

— Үйдегі жағдайда баланың өзіне — өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

— Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

— Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, айналып, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

— Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

— Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

— Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады. — Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

— Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет. Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.

15. Балам өзім секілді, немесе өзім ойлағандай болады деп күтудің қажеті жоқ. Оған өзі секілді болуға көмектес.

16. Балаға жасаған еңбектерің үшін ақы сұраушы болма. Сіз оған өмір сыйладыңыз, ол басқаға өмір сыйлайды, ол тағы біреуге, бұл адамзат сапарының ұлы жолы осылай жалғаса береді.

17. Өзіңнің өкпе — ренішіңе баланы араластыра берме, әйтпесе қартайғанда ол қылығыңның ащы дәмін татуың мүмкін. Не ексең, соны оратыныңызды ұмытпаңыз!

18. Баланың мәселесіне бей — жай қарауға болмайды. Әркім өмірде әліне қарай күреседі. Сіз тапқан жолды бала таба алмауы мүмкін, өйткені онда тәжірибе жоқ.

19. Баланың көңілін ешқашан қалдырмаңыз!

20. Адам өміріндегі ең қызықты кездесу, баламен кездесу, оған үлкен дайындық керек, себебі сіз өзіңіздің ертеңгі күніңізбен кездесіп тұрғаныңызды ұмытпаңыз!

21. Балаңызға қолыңыздан келмей тұрған нәрсені істей алмадым — ау деп қиналмаңыз. Ал қолыңыздан келіп тұрғанда істемесеңіз, онда сіздің қиналуыңыз әбден орынды. Бастаған істі аяғына дейін жеткізбесеңіз, онда ештеңе істемеген болып шығасыз.

22. Бала өмірінді билейтін әмірші емес, тіршілік сыйлаған өмірдің қымбат қазынасы, сіз осы қазынаны көздің қарашығындай сақтауға, дамытуға және оның жүрегіне шығармашылықтың алауын жағуға міндеттісіз. Бала — әке мен ананың махаббатын сақтайтын алтын қойма.

23. Басқаның да баласын жақсы көріп үйрен. Өз балаңа істемейтін нәрсені басқаның баласына да істеме!

24. Балаң дарынсыз, жолы болмайтын болса да және есейіп кетсе де жақсы көруге міндеттісіз. Онымен қарым — қатынас жасағанда қуануға тиістісіз, өйткені оның сізбен болған әр күні мереке. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Аналарға мың алғыс»
(№8 «Көжек» ортаңғы тобының ертеңгілігі)

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды мерекесімен құттықтау, балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. Тәрбиешіге, ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру. Ана еңбегін қадірлей бәлуге үйрету.

Тәрбиеші: Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар,

Аналардан туған небір даналар

Ана – деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Қайырлы күн, қымбатты тәрбиешілер, аналар, сұлу қыздар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8-наурыз Халықаралық Әйелдер күні келді. Осынау көктем мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын дінгегі. Мынау тынымсыз тіршілікпен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзің деп соқса, бүгінгі мерекелік кешімізде сіздерге арналады.

Десекте уақытпенен жарыспайды

Қиялға қиялменен қарыштайды

Сәбилер шын жүректен тебіреніп,

Өнерін аналарға бағыттайды- дей келе №8 «Көжек» ортаңғы тобының бүлдіршіндерінің өнерін тамашалаңыздар.

Сүйемхан: Келді көктем күнін

Күлімдейді гүлің

Алтын ойлы анам

Мерекеніз бүгін.

Ильяс: Біз доспыз гүлдермен.

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір-бірлеп,

Аналарға сыйлаймыз. (тосын сый қонаққа көктем келеді)

Көктем: Сәлеметсіздер ме балалар!

Міне келдім табиғатты оятып

Күн күркірі нәсерімен тоя түп.

Ағаштардың тамырына қан жүрді,

Жапырағын жасыл түске боятып.

Қандай әдемі болып құлпырып кеткенсіңдер?!

Тәрбиеші: Сәлеметсің бе Ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем: сендер қандай мерекені тойлап жатырсындар?

Балалар: Көктем мерекесін, аналар мен әжелердің, ару қыздардың мерекесін тойлап жатырмыз.

Тәрбиеші: Ару Көктем, біздің балалардың сізге арнаған өнерлерін тамашалаңыз!

Хор: «Көктемде»

Көктем: Ой, жарайсындар балалар! Әндерің қандай әдемі. Рақмет сендерге!

Найля: Ақ әжемді әрқашан,
Сыйлап жақсы көремін.
Қуантайын деп оны,
Өлең айтып беремін.

Арсен А. Мені жақсы көреді,
Күндей күліп келеді.
Көп ертегі біледі
Маған айтып береді.

Көктем: Менде сендерге жай келген жоқпын, өзімнің ойынымды ала келдім. Қанекей ортаға кім шығады екен?

Ойын: «Гүлдерді өз түсімен орналастыр»

Ойын шарты: Фетрада түстер берілген, әр түсті гүлдерді өз түсімен орналастыруы қажет. (Ибраһим, Айша, Тамерлан)

Көктем: Жарайсындар балалар! Ақылды балалар екенсіңдер! Мен енді баеқа-топтың балаларына барып өнерлерің тамашалайын. Сау болындар!

(Әуенмен Қызыл телпек кіреді)

Сәлеметсіздер ме балалар!

Тәрбиеші: Сәлеметсің бе Қызыл телпек?! Мұнда қайдан жүрсің?

Қызыл телпек: Әжемнің жағдайын сұрап, құттықтауға бара жатырмын. Осы жерден өтіп бара жатып әуеннің дауысын естіп қалдым.

Тәрбиеші: Балалар, Қызыл телпек өтіп бара жатырып, әуеннің дауысын естіп қалыпты. Ендеше Қызыл телпекке ән айтып берейік.

Хор: «Топ-топ балақан»

Арсен Ш. Жұмақ құшақ- панам,

Күндей нұрлы санаң,
Қызығын көр ұл-қыз
Еңбек сүйгіш –анам!

Абдулла: Ақ анашым әппағым
Өзің жайлы тақпағың
Өзің жайлы әнімді
Арнадым саған әнімді.

Дария: Сіздерден өскен балалар,
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті абзал аналар!

Тәрбиеші: Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле
Аққудай қалықтаған теңіздегі.
Бишілер өнерлерін көрсетуде.

Би: «Вальс»

(Әуенмен Қасқыр кіреді)

Қасқыр: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мұнда не болып жатыр? Мен Қызыл телпекті іздеп жүрмін. Иісінен сезіп, тұрмын, ол осында. Әлде келіп кетті ме екен? Мен оны ұстап алуым керек. Қайда? Қайда?

Қызыл телпек: Құтқарыңдар мені!

Қасқыр: Ммм мында екен ғой! Жеттім бе? Менің қарным ашып тұр, мен сені жеймін.

Қызыл телпек: Қасқыр, қасқыр! Мында үлкен мереке өтіп жатыр. Балалардың өнерін тамашалайық! Олар аналарына арнап ән, тақпақ айтады. Мен де әжемді құттықтауым керек. Тамашаға қатысып, ойын ойнайық.

Қасқыр: Егер, балалардың өнері ұнаса мен саған тимеймін.

Тәрбиеші: Қане, балалар онда ойын жасайық.

Ойын: «Қыздарға гүл сыйлайық мерекеде»(Нұрберген -Дария, Игілік-Нейля, Абылай- Томирис Т. Әлихан- Кәусар)

Ойын шарты: Оң жақ қатар мен сол жақ қатардан 1 қыз бен 1 ұлдан жұптасып шығады да, жәй әуенге вальс билейді. Музыка тоқтаған кезде жүгіріп ортадағы гүлді кім бірінші алса, сол бала өзінің жұбына сыйлайды.

Би: «Сүйкімді балапандар»

Қасқыр: Балалар сендердің ойындарың маған ұнады. Сендерге көп рақмет! Жүр, Қызыл телпек екеуміз бірге барып әженді құттықтайық! Сау болыңдар балалар!

Ойын: «Аналар мен балалар»(Томирис Ж. Тамерлан, Мирсаид, Қайрат, Абдулла...)

Хор: «Құттықтаймын ана қуанышыңмен!»(мерекеге сыйлықтарын тарту етеді).

Тәрбиеші: Аялаған мені, ән қанатымен

Құттықтаймын сізді салтанатыңмен!

Бақытты ғой заман қандай көңілді,

Мен тілеймін сіздерге ұзақ өмірді-дей келе №8 «Көжек» ортаңғы тобының «Аналарға мың алғыс» атты ертеңгілігі осымен аяқталды. Сіздерге рақмет!

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

**Тақырыбы: Ұшпа (краснуха) –ауру туралы мәлімет.
(Ата-аналарға мәлімет беру).**

Өткізген: Кожағалиева Ш.Ө.

2023-2024 оқу жылы

Ұшпа (краснуха) — балаларда өте жеңіл түрде өтетін жұқпалы аурулардың бірі. Ұшпаның вирусы тез арада ауаға тарап, сау балаларға, кейде ересек кісілерге де жұғады. Ауру жұққаннан кейін ол басталғанша 15—21 күндей уақыт өтеді. Сонан соң баланың қызуы сәл көтеріліп, мұрнынан су ағады, аздап жөтеледі. Лимфа бездері ісінеді, әсіресе артқы мойын, шүйде бездерін қолмен сипаса, ісінгенін, қаттылау екендігін байқауға болады. Мұндайда баланың көзі жасаурап қызарады. Денесіне ақшыл-қызғылт бөртпелер шығады. Алдымен олар бетке, мойынға, құлақтың сыртында пайда болады да, тез арада бүкіл денеге жайылып кетеді. Әсіресе арқада, кіндік айналасында, кеудеде көбірек көрінеді. Бетте бірен-саран ғана болады. Бөртпелер көп жағдайда ірі әрі бір-бірінен қашықтау шығады. 2—3 күн өткен соң дененің қызуы басылады да, бөртпелер тез жазылады және олардың орындарында ешқандай дақ қалмайды. Науқас баламен бірге болған балаларға карантин жасалмайды. Бұл аурумен ауырған балалардың жағдайлары нашарламайды. Ұшпамен көбінесе 2—10 жас аралығындағы балалар ауырады және ауырып жазылған балалар онымен қайтып ауырмайды. Ал екі қабат әйелдер үшін бұл ауру өте қауіпті. Өйткені жүкті әйелдің ұшпаға шалдығуы, іштегі балаға айтарлықтай зиянын тигізеді. Ауырған әйелдердің ішіндегі перзенті үш-төрт айлық болса, онда ұшпа іштегі перзенттің нерв жүйесіне, көзіне, есту органдарына, жүрегіне әсер етеді. Ішінде 5—6 айлық перзенті бар әйел ауырса, ұшпа оның жүрегін, көк бауырын, өкпесін, сүйегін зақымдайды, қанын азайтады. Әйел кейде түсік тастайды. Сондықтан да екі қабат әйелдердің ұшпамен ауырған адамдардың қасына жақындамағаны дұрыс. Бала ұшпамен ауырған жағдайда дәрігер үйге шақырылып, бала үйде емделеді. Бала толық жазылғанша басқа сау балалармен, екі қабат әйелдермен бірге болмауға тиіс. Ұшпа ауруына айтарлықтай ем қолданудың қажеті жоқ. Сырқаттың денесіне бөртпелер шыққан соң 5 күннен кейін ауру қауіпті емес, жұқпайды.

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Наурызым-асыл айым!»
(№8 «Көжек» ортаңғы тобы)

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар ата-аналар, қонақтар, балалар! Бәріміздің асыға күткен «Ұлыстың –ұлы күні!» наурыз мерекесіме шын жүректен құттықтаймын. №8 «Көжек» ауылының, «Наурызым-асыл айым!» атты мерексін тойлауға қош келдіңіздер!

Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы.

Наурыздың 22-де күн мен түннің теңеліп, жер жаңарып, көк шығып, мал төлдеп, көктем келіп, тіршіліктің бастауы, яғни қазақтың жаңа жылы- Наурыз мерекесі.

Жүргізуші: Ал, халайық, тұрмайық
Әндетейік, жырлайық!
Ортамызды ашайық,
Ырыс тілеп бұл жылға
Жырдан шашу шашайық!

Ән: «Қош келдің-Наурызым!»

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар!

Сендермен «Тақия тастамақ» ойынын ойнағым келіп тұр. Қане, олай болса ортаға шығып, дөңгеленіп отырайық.

Ойын: «Тақия тастамақ»

Жүргізуші: Ұлыс оң болсын!

Айжұлдыз: Ақ мол болсын!

Жүргізуші: Ұлыс бақты болсын!

Илияс: Төрт түлік ақты босын!

Жүргізуші: Ұлыс береке берсін!

Кәусар: Бәле-жала жерге енсін!

Жүргізуші: бір тал кессең,

Ибраһим: Он тал ек!

Жүргізуші: Атаңнан мал қалғанша,

Тамерлан: Тал қалсын!

Би: «Еркем-ай»

Тосын сый: (Қонаққа Көктем мен Ақ әже келеді)

Көктем: Сәлеметсіңдер ме балалар!

Міне мен келдім табиғатты оятып,

Күн күркірі нәсерімен тоя түп
Ағаштардың тамырына қан жүрді,
Жапырағын жасыл түске боятып.
Қандай әдемі боп кеткенсіңдер, балалар!

Ақ әже: Армысындар, балаларым! Наурыз мерекесі құтты босын! Әр шаңыраққа құт-береке әкелсін!

Жүргізуші: Бүгін біздің балалар ерекше, себебі өзіміздің жаңа жылымыз, Наурыз мейрамын тойлап жатырмыз.

Көктем: Балалар, сендер қандай мейрамды тойлап жатырсындар?

Балалар: 22-Наурыз, қазақтың ұлттық мерекесі Наурызды тойлап жатырмыз.

Ән: «Әжемнің шәйі»

Жүргізуші: Балалар, «Қаз, қаз балам, қаз балам
Қадам бассаң мәз болам»- деп қазақтың қандай салт-дәстүрінде айтылады?

Балалар: Тұсау кесерде

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар, балалар! Ал олай болса кім айтады «Тұсау кесу» дегеніміз не және оны немен кеседі?

Балалар: Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын салт –дәстүр. Ала жіппен, шөппен немесе тоқ ішекпен кеседі.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар! Олай болса бүгін Ақ әжеміз немересінің «Тұсау кесер» рәсімін өткізеді.

Салт-дәстүр: «Тұсау кесер»

Найля: Наурыз шаттық әніміз,
Салтанатты сәніміз.

Айжұлдыз: Ата –бабам тойлаған,
Наурызым армысың!
Қызығына тоймаған,
Жаңа жылым бармысың!

Томирис Ж. Наурыз айы-гүл айы,
Наурыз айы-нұр айы.

Ойын: «Теңге алу»

Жүргізуші: Балалар, бүгінгі Наурыз мерекесіне арналған «Тұсау кесер» тойының батасын Ақ әжемізге жолдаймыз.

Ақ әже: Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Төрт түлік ақты болсын!

Ұлстың ұлы күні құтты болсын! (бата беріліп, шашу шашылып, көжеден дәм татуға шақырамыз)

Ән: «Көктемде»

Көктем: Ал, балалар, біздер басқа топтардың да балаларын Наурыз мейрамымен құттықтайық. Сау болыңыздар!

(Көктем мен Ақ әже шығып кетеді)

Жүргізуші: Армысыздар, халайық!

Әркез аман болайық!

Наурыз тойын әр жылда,

Бірге қарсы алайық! Сау болыңыздар!

Сіз қандай ата-анасыз?

(ата-аналарға арналған сауалнама)

Ата-ана-----

№ Сұрақтар Иә Жоқ Кейде

- 1 Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?
- 2 Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?
- 3 Жұбайыңыз екеуіңіз бала тәрбиесіне бірдей қарайсыз ба?
- 4 Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Бірақ одан сіздің шаруаңыз тоқтап, тежелуі мүмкін. Оның көмегін қабыл аласыз ба?
- 5 Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?
- 6 Балаңыздың мұғалімі мен құрбыларымен қарым-қатынас орнатқансыз ба?
- 7 Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба?
(мектеп, достары, көше балалары)
- 8 Балаңыздың үйлесімді дамуына спорт пен дене шынықтырудың маңызды екенін мойындайсыз ба?
- 9 Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?
- 10 «Менің уақытым жоқ», «жұмысымды бітірген соң» деп балаңыздың тауын қайтарасыз ба?

«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасының қорытындысы

ИӘ-2 ұпай

Кейде-1 ұпай

Жоқ-0 ұпай

Қорытынды:

6 ұпайдан аз болса.Сіздің бала тәрбиесі жөніндегі көзқарасыңыз әлі анық емес сияқты.Дегенмен әлі де кеш емес.Кейінге қалдырмай сізге бұл мәселеге көбірек көңіл бөліп, бала тәрбиесінде батылырақ болуыңызды сұраймыз.

7-14 ұпай аралығында болса.Сіз бала тәрбиелеу барысында үлкен қателіктер жібермейсіз, дегенмен ойланатын мәселелер бар.Бұның бәрін бала тәрбиесінен басқа мәселелерді ұмытып, бір күнгі демалысыңызды тек балаларыңызға арнаудан бастаңыз.Баламен қарым-қатынаста өзіңізге сенімді болыңыз, балаңыз бұны әркез бағалайды.

15 ұпайдан артық болса

Сіз бала тәрбиелеу міндеттеріңізді толықтай меңгергенсіз.Сонымен қатар бұдан да жақсырақ тәрбиелеуге мүмкіндігіңіз бар екенін ойлаңыз.



№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

«Шебердің қолы – ортақ» шеберлік сағаты

Күні: 23.01.2024 ж

Уақыты: 13:00

Өтілетін орны: Муз.зал

Ата-аналар муз.залға кіріп дөңгелек столда отырады.

Тренинг: «Кел, танысайық!»

Баяндама: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пенәділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Осы бағдарламаға сүйене отырып, балабақшамызда «Парасат» аналар-әжелер мектебі ашылды.

Мақсаты: қыз бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізу және оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыру.

Міндеттері:

- қыз балалардың ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, этика-эстетикалық талғамдарын, ойлау қабілеттерін арттыру, ұлттық құндылықтарды саналарына сіңіру;
- Әдеп нормаларын ұстауға үйрету;
- Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт – дәстүрлері туралы кең көлемді мағұлмат беру;
- Жан-жақты білімді болуға, дәстүрді құрметтеуге, сақтауға, имандылыққа баулу.

Келесі кезекте әріптестерім осы ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, балалармен бірге ойнауға болатын ойындарды көрсетеді.

№1 «Ұлттық құндылықтар» ойыны

Мақсаты: ұлттық құндылықтарды дәріптеу

№2 «Сиқырлы оюлар» ойыны

Мақсаты: Оюлар туралы мағұлмат біледі, ой өрісін дамытады.

№3 «Киіз үй» ойыны

Мақсаты: Киіз үй бөліктеріндегі тапсырмаларды орындайды, ұсақ қол моторикасын дамытады.

№4 «Сырлы сандық» ойыны

Мақсаты: қазақтың мақал-мәтелдерін, жұмбақтарын, дәстүрлері туралы мағұлмат алады.

№5 «Кім жылдам?» қимылды ойыны

Мақсаты: жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйренеді.

«Шебердің қолы алтын» - демекші, келесі кезекті шебер сағатымызға арнаймыз.

Қажетті құралдар: жұқа, қалың фетра, пистолет-клей, қайшы, қарандаш, конц.пышақ, тақтайша.

Жұқа фетрадан шаблонды бастыра отырып, оюды қияды. Қиылған оюды қалың фетраға ыстық клейдің көмегімен жапсырады.

Қорытынды: Қолөнермен айналысу адамды еңбекке баулып, ерінбеуге, жалқаулыққа салынбауға тәрбиелейді. Эстетикалық тағамды қалыптастырып, салт - дәстүрді үйренуге ықпал етеді. Осымен, біздің «Шебердің қолы – алтын» шебер сағатымыз аяқталды. Келіп қатысқандарыңызға рахмет!

№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: Балаға ата — анасы көшбасшы.

Өткізген: Шаптарбаева Г.Б

2023-2024оқу жылы

1. Балаға ата — анасы көшбасшы.

Ата — ана мен баланың арасында екі түрлі көзқарас болмауы тиіс. Бұл әлі өмірге деген өз көзқарасы қалыптаспаған, жасы кәмелетке толмаған балаларға қатысты. Ата — анасы көш бастайтын көсем болуы қажет бала үшін. Демек, ата — ана әрбір іс — әрекетіне мән беруі қажет. Білікті, білімді, қайсыбір жағдай болмасын, сабырмен қабылдап, нені болмасын, сабырмен қабылдай алатын көшбасшының (ата — ананың) соңынан ереді бала да. Өйтпеген жағдайда бала тарапынан қарама — қайшылықты анық көретін боласыз. 4 — 5 жасында — ақ өз қалауын ата — анасына сөзсіз орындататын бала ерке. 2 жасқа келгенде баланың қалауы (орынды болса ғана) ата — ана үшін заңды. Одан кейінгісі — еркелік. Демек, уақыт өткізбей ертерек қателіктердің орнын толтырып, бала бойындағы еркелікті түзеуге ұмтылған дұрыс. 4 — 5 жасқа келгенде бала ата — анасының неге рұқсат етіп, қай қалауының теріс екендігін түсіне білуі тиіс. Егер осы жасқа дейін ата — ана мен баланың арасындағы қарым — қатынас өз деңгейінде қалыптасса, демек, әрі қарай да олардың арасында қандай да бір үлкен түсініспеушіліктер болмайды.

№41 «Назерке» бобекжай-балабақшасы

Тақырыбы: Ата-аналарға психологиялық кеңес.

Өткізген: Кожажалиева Ш.Ө

2023-2024 оқу жылы

Ата-аналарға психологиялық кеңес

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің мақсаты баланың; жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Аталған нысаныға жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

-Отбасында баланың өсіп жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту. Тазалық дағдыларын қалыптасыру.

— Еңбек сүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу баланың күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету.

-Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету.

-Оқудың, білім алудың, мәдени мінез-құлықтың әдеп-дағдыларын қалыптастыру.

-Отбасында баланың икемділігі мен қабілетін байқап, кәсіптік жағынан бағдарлау.

-Өнерге, мәдениетке, ғылымға құштарлығын тәрбиелеу, уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру.

-Баланың ақылына, күшіне, біліміне сай берілген тапсырманы, талапты орындауға дайын болуға үйрету.

-Бақылау, тексеру, бағалау.

-Тәртіптікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ойшылдыққа, сергектікке, естілікке, т. б. баулу.

Өзін-өзі тәрбиелеуге, дербестікке, шығармашылыққа баулу.

Ата-аналарға психологиялық кеңес

1. Балаларыңызды жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретіндігіңізді сездіртіңіз.
2. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
3. Баланың сұрақтарына жауап берген кезде шын және шыдамдылықпен жауап беріңіз.
4. Күнде баланызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
5. Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз.
6. Баланың әріп жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
7. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.

8. Табысқа күшпен жетуге болмайды, сондықтан балаңызға күш көрсетіп, тапсырманы орында деп талап етпеңіз.
9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
10. Баланың «бақытты кездер банкісі» туралы ойлар.
11. Үлкендер балаға қалай қараса, бала да өзіне солай қарайды.
12. Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.

Ата — ананың маххабаты мен бала тәрбиесіндегі салғырттықтың (баланы бетімен жіберудің) шекарасы қайсы? Ол үшін мына кеңестер кез — келген ата — анаға көмек бола алады.

«Болатын» және «болмайтынның» шекарасы.

Балаға берілетін дұрыс тәрбие «болатын» және «болмайтын» іс — әрекеттерді айқындайтын нақты шекарадан тұрады. Бұдан бала, ненің дұрыс, ал ненің бұрыс екендігін, қандай іс — әрекеттердің оң, қай қылығының теріс екендігін анық ұғып өседі. Егер кеше балаға тырнақты тістемеуді немесе қолын аузына салмауды ескерттіңіз бе, ол әрекетін бүгін де байқасаңыз, тағы да ескертуге ерінбеңіз. «Ой, қанша айттым, тындамайды бәрібір» деп бір — екі күннен соң қол сілтей салсаңыз, бітті. Сіздің бала бойындағы көптеген қателіктерге түйсікті түрде баруға болатындығына жол бергеніңіз. Сонымен қатар, баланың алдында емес, соңынан жүруді ерте бастан — ақ қалыптастырғаныңыз. Ата — ананың бала үшін қойған шекарасынан ол әдеттегі айтыла беретіндей «жалтақ» болып кетпейді. Шекара — бала өмірін жеңілдетеді, болашақта қандай — да бір үлкен қателіктерге жол бермеуге үйренеді. Керісінше жағдайда, яғни шекара болмаған отбасында бала адасады, оның өмірі қиындайды.

3. «Болмайды!» деп айғайлауға болмайды.

Бала да ата — анасы сияқты отбасының бір мүшесі. Оның өз орны және құқығы бар. Дегенмен, отбасы мүшелерімен қарым — қатынасында да шекара болуға тиіс. Егер баланың қандай да бір іс — қимылы сізге жағымсыз болса, ынғайсыздық тудырып жатса, оған шектеу қойғаныңыз дұрыс. Бірақ, әрине бірден түріңізді өзгертіп «болмайды!» деп айғай салу дұрыс емес. Одан да баланың назарын басқа бір қызықты іске айналдырып жіберуге болады.

Мұнда сізге сабыр қажет. Сонымен қатар, бала тілімен, оған түсінікті түрде бұлай жасау өзіңізге ыңғайсыздық тудыратынын түсіндіріп айтсаңыз, жетіп жатыр.

4. Іс — әрекетіне лайықты мақтау сөздер айтыңыз.

Мұны өзіңізге ереже ретінде ұстансаңыз да болады. Жоғарыда айтқанымыздай, «болатын» және «болмайтын» іс — әрекеттер үшін өз ойыңызды айтып отырсаңыз, бала бірден болмаса да, біртіндеп оны түсіне бастайды. Мысалы, үйге келген қонақпен сәлемдесіп, ол қайтар кезде коштасуды ешкім үйретпей — ақ өз бетінше орындаған баланың ісі — мақтауға тұрарлық. Алғашқы байқаған сәтіңізде — ақ оның дұрыс жасағандығын, жақсы баланың үнемі осылай жасайтындығын т. б. мейірімді жүзбен күлімсірей айта отырып мақтасаңыз, оның бойында жақсы әдетке деген қызығушылығын оятасыз.

Себебі, кез — келген бала мақтауды сүйеді. Ол үшін жақсы әдеттер санын арттырғысы келеді, талпынады. Өзінің айтқанын орындату үшін жерге өзін тастай салып, жата қалып жылайтын баланы жазалаудың ең дұрыс әдісі — оны жалғыз қалдыру. Үнсіз ғана оның бұл әрекетін елемеген болсаңыз, осы жазаңыз да жеткілікті болады. Мұның да себебі бар, өйткені бала өзіне назар аудармағанды жақсы көреді. Жата қалып жылай бастағанына назар аудармасаңыз, оның орынсыз екенін сезіне бастайды. Ал оған ұрысып не болмаса өзге де жазалау түрін қолданып жатсаңыз, демек оған назар аударғаныңыз. Балаңыз ол әдетін тағы да қайталайды деген сөз.

5. Түсініспеушілікті баламен бірге шешуден қорықпаңыз.

Баланың кейбір қылықтарына ашуланбау мүмкін емес. Ол жиі болмаса да кей — кейде орын алып тұрады. Міне, осындай кездері оған ашулануыңыздың себебін сабырлы кезіңізде түсіндіруден қашпаңыз. «Кішкентай ғой, не түсінер дейсің?» деген түсініктен де аулақ болыңыз. Онын қай жерде дұрыс жасамағандығын айтыңыз және неге бұлай еткендігінің себебін сұраңыз. Сонда араларыңызда бір — біріңізді еркін түсінетін көпір қалыптасады. Оны жазалаудың сіз үшін ауыр екендігін және жазалағыңыз келмейтінін де айтқаныңыз артық болмайды.

Есте сақтағаныңыз дұрыс:

— Баланы жазалау кезінде ата — ананың жүйкесі тыныштанғаннан басқа ешқандай пайда жоқ. Таяқ жеген бала келесі кезекте де қалай әрекет жасайтынын білмей, бір жасаған қателігін екінші рет қайталайды. Оған түсіндіріңіз және түсіндіріңіз!

— Қол жұмсамай — ақ жазалаудың түрі жеткілікті. Мысалы: бала қанша жаста болса, сонша минут бұрышта тұру, орындықта қимылдамай отыру, сол күнгі балмұздақ немесе тәттіден қағу. Дұрыс көтеріп, жүйке жұқартудың оң нәтижесі мүлде болмайды.

— Өзіңізге өзіңіз сырттай назар салыңыз. Сабырлы болыңыз! Бала бірдеңені дұрыс істемеді ме, алдымен түсіндіріңіз. Ол нәтижесін бермесе, ескерту жасаңыз. Ол да көмектеспесе ғана за қолданыңыз. Баланың сізге айтқанын жасатуға жол бермеңіз. Сонда ғана кішкентай ғана бауыр етіңізге қол жұмсамайтын боласыз.

№41 «Назерке» бөбекжай балабақшасы

Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан!»
(1-Мамыр «Бірлік күніне» арналған кеңейтілген іс –әрекет)
№8 «Көжек» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Кожағалиева Ш.Ө

2023-2024 оқу жылы

1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға айтып ұғындыру. Балаларды татулыққа, достыққа, елін, жерін сүйе білуге үйрету. Басқа ұлт өкілдерімен таныстырып, олармен тату, достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тақырыпқа сай суреттер, ойындар, қима көгершіндер, мерекелік шарлар, ұлттық киімдегі әр түрлі ұлт өкілдері.

Тәрбиеші: Қайырлы күн, балалар! Қазақстан Республикасының мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Достығымыз жарасқан» тақырыбындағы кеңейтілген іс-әрекетімізді бастаймыз.

Қазақ халқы – жомарт, даласы дархан, орманы қарқан, таулары қалқан болған ақ бесік, ата-мекені бар, сол мекенде жусанның жұпар иісін искеген, өздігінен ешкімге тиіспеген елміз.

Тілі бөлек болғанымен тілегі бір,

Ұлы достық мәпелеген жүрегі гүл,

Қазақстан барлық ұлтқа шаңырақ,

Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман.

Ал, балалар мерекеге арнап кім тақпақ айтады?

Айжұлдыз: Жан біткендей жас тауға,

Шуақ ойнап арайлы.

Күн күлімдер аспанда,

Мамыр әні тарайды.

Илияс: Жайдары жаз түрге еніп,

Жадыратты жанымды

Жер дүние тербеліп,

Дала, қала құлпырды.

Кәусар: Бір шаңырақ астында,

Тату-тәтті тұрамыз,

Бірге ішеміз астыда,

Бірге сайран құрамыз.

Хор: «Біз бақытты баламыз!»

Тәрбиеші: 1-Мамыр мерекесі дүние жүзіндегі халықтардың достығы мен бірлігін атау күні. Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. Елімізде әртүрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

-Балалар, сендер қандай ұлт өкілдерін білесіңдер?

- Қазақ, орыс, неміс, ағылшын, беларус, қытай т.б.

-Басқа ұлттардың да біздің ұлттық құндылықтарымыз секілді оларда да ұлттық киімдері, ұлттық ойындары, ұлттық тағамдары т.б. болады екен.

Дидактикалық ойын: «Әр ұлтты ұлттық құндылықтарымен толықтыр»

Ойын шарты: Әр бетке әр түрлі ұлт өкілдері берілген. Берілген суреттерді пайдалана отырып, өз орындарына топтастыру.

- 1.Қазақ ұлты
- 2.Орыс ұлты
- 3.Өзбек ұлты
- 4.Корей ұлты.

(Картамен жұмыс, буклеттер қарау)

Тәрбиеші: Бірлік-халық салты. «Халқымыздың бірлік салты отбасынан басталып, бүкіл елдің, барлық адам баласының бірлігімен ұласады»

Бейбітшілік құсы, ақ көгершін,

Биік ұшып самғасын.

Тілегімізді жерге жайсын,

Қанаттары талмасын.

Қағаздан жасалған ақ көгершіндерді биікке шарға байлап ұшыру.

Тәрбиеші: Мамыр қандай, шіркін-ай, мамыр қандай!

Айнала жасыл кілем жамылған жай

Алатауым басына ақ шәлі орап,

Мойнына гүлден алқа тағынғандай.

Мамыр қандай, шіркін-ай құлпырады.

Күй толқын көңіліңе жыр тұнады.

Жыл еркесі, гүл мамыр, сұлу мамыр

Секілді адамзаттың ынтымағы.

